

DEXP

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

Фитнес білезігі DEXP SB60



Құрметті сатып алушы!

«DEXP» сауда маркасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Сапасына, функционалдығы мен дизайнына қойылатын жоғары талаптарға сәйкес әзірленген және дайындалған бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастаудан бұрын қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат пен өнімді дұрыс пайдалану және оған күтім жасау жөніндегі ұсыныстар көрсетілген осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы Нұсқаулықты сақтап қойыңыз және бұйымды әрі қарай пайдаланған кезде оны анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

Құрылғының тағайындалуы


Фитнес білезігі әртүрлі физиологиялық көрсеткіштерді қадағалауға және уақыт пен хабарларды көрсетуге арналған.

Сақтық шаралары

1. Құрылғымен біліксіз манипуляциялар (түрлендірулер, жөндеу және т.б.) құрылғының бұзылуына әкелуі мүмкін. Кепілдік бойынша тегін қызмет көрсетуді пайдалану құқығынан айырылмау үшін құрылғының корпусын өз бетіңізше ашпаңыз, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

2. Бұл құрылғы радиосигналдарды шығарады және қабылдайды, олар жағымсыз кедергілерге немесе құрылғының жұмысындағы ақауларға әкелуі мүмкін. Радиосигнал интерференциясының нәтижесінде жұмыста ақаулар пайда болса, осы құрылғы мен қабылдағыштың (радио/ТД) арасындағы қашықтықты арттырыңыз, құрылғы мен қабылдағышты бір розеткаға қоспаңыз. Проблема шешілмесе, кеңес алу үшін қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
3. Аккумулятордың жарылуын болдырмау үшін құрылғыны ашық жалынның әсерінен қорғаңыз.

Құрылғы схемасы



1. Баудың ұзындығын реттеуге арналған тесіктер.
2. Экран.
3. Сенсорлық түйме.
4. Бау.

Пайдалануға дайындау

Фитнес білезігін алғаш рет пайдаланудан бұрын орнатылған аккумулятордың заряды жұмысқа жеткілікті екенін тексеріңіз. Егер құрылғы қосылмаса немесе заряд деңгейі тым төмен болса, жиынтықтағы кәбілдің көмегімен құрылғыны толығымен зарядтау керек.

Қосымшаны орнату және құрылғыны байланыстыру

Смартфоныңыздың операциялық жүйесіне байланысты App Store немесе Play Маркет қосымшалар дүкенінен Lefun Health қосымшасын жүктеп алыңыз. Қосымшаны жүктеп алу үшін Android смартфонын пайдаланушылар оң жақтағы QR кодын да пайдалана алады.




Қосымша орнатылғаннан кейін, телефоныңызда Bluetooth функциясының қосылғанын тексеріңіз және ол қосылғанша фитнес білезігіндегі сенсорлық түймені басып тұрыңыз. Lefun Health қосымшасын ашыңыз, қосымшаның сол жақтағы жоғарғы бұрышындағы «Меню» (Мәзір) белгішесін басыңыз және «Наименование устройства / состояние» (Құрылғының атауы / күйі) пунктін таңдаңыз. Сонан соң смартфонмен байланыстыру үшін фитнес білезігіңізге сәйкес келетін MAC мекенжайын таңдаңыз.

Байланыстыру сәтті орындалса, білезікте көрсетілген күн мен уақыт смартфонмен синхрондалады.

Қосымша фитнес білезігінен деректерді жазып алады, мысалы, жүрілген қадамдар саны, ұйқы көрсеткіштері, тамырдың соғуы, қан қысымы және т.б.

Фитнес білезігінің мәзірі



- **Негізгі экран.**

Мұнда күн мен уақытты, заряд деңгейін және басқа көрсеткіштерді тексере аласыз.



- **Күй.**

Сенсорлық түйме ұзақ басылса, бір күнде жүрілген қадамдар саны, физикалық белсенділігіңіз негізінде бір күнде жұмсалған калория мөлшері және бір күнде жүрілген қашықтық көрсетіледі. 24 сағат сайын санау қайта басталады. Осы және басқа көрсеткіштер туралы толығырақ ақпаратты Lefun Health қосымшасынан таба аласыз.



- **Тамырдың соғуы және қан қысымы.**

Сенсорлық түйме ұзақ басылса, тамырдың соғуы мен қан қысымын өлшеу басталады. Өлшеу аяқталғаннан кейін фитнес білезігі нәтижені Lefun Health қосымшасына жібереді.



- **Спорт режимдері.**

Сенсорлық түймені ұзақ басқанда әртүрлі спорт режимдерін таңдауға болады: жүгіру, велосипедпен жүру, жүзу, бадминтон.



- **Қандағы оттег деңгейі.**

Сенсорлық түйме ұзақ басылса, қандағы оттег деңгейін өлшеу басталады.



- **Температура.**

Сенсорлық түйме ұзақ басылса, дене температурасын өлшеу басталады.

Ескертпе: температураны дұрыс өлшеу үшін білезікті шешпей кемінде 20 минут тағып жүру керек, сонан кейін температураны өлшеу қажет.



- **Хабарлар.**

Сенсорлық түйме ұзақ басылса, оқылмаған хабарлар туралы хабарландырулар көрсетіледі.

Ескертпе: смартфонмен сәтті байланысқаннан кейін әртүрлі қосымшалардан хабарландырулар алынғанда білезіктің экраны іске қосылады, ал білезіктің өзі дірілдейді.



- **Қосымша.**

Сенсорлық түйме ұзақ басылса, қосымша функциялар бар мәзір ашылады:



- **Смартфонды іздеу.**

Сенсорлық түймені ұзақ басқанда іске қосылады (егер смартфон білезікпен байланысқан болса).



- **Сағат.**

Сенсорлық түйме ұзақ басылса, негізгі экранда сағатты көрсету стилінің екі нұсқасын таңдау мүмкіндігі көрінеді.



- **Lefun Health қосымшасының QR коды.**

Смартфон көмегімен кодты сканерлеп, қосымшаны орнату бетіне өтуге болады.



- **Өшіру және құрылғы туралы мәліметтер.**
Сенсорлық түйме ұзақ басылса, құрылғы өшіріледі.

Lefun Health қосымшасының көмегімен реттеуге болатын білезіктің негізгі функциялары

- **Оятқыш.**
Lefun Health қосымшасында оятқыштың уақытын орната аласыз, сонан кейін білезік көрсетілген уақытта дірілдейді.
- **Ұйқы монитормы.**
Ұйқыңыздың сапасын қадағалауды іске қосу үшін осы пунктті пайдаланыңыз.
Барлық деректер Lefun Health қосымшасында көрсетіледі.
- **Белсенділіктің жоқтығы туралы еске салу.**
Қосымшаның «Настройка функций браслета» (Білезік функцияларын реттеу) мәзірінде ұзақ уақыт бойы белсенділіктің жоқтығы туралы еске салу функциясын іске қосуға болады.
Мұндай жағдайда білезік сіз бір орында ұзақ отырған кезде дірілдейді.

- **Су ішу қажеттігі туралы еске салу.**
Қосымшаның «Настройка функций браслета» (Білезік функцияларын реттеу) мәзірінде белгілі бір уақыт аралығынан кейін су ішу қажеттігі туралы еске салу функциясын іске қосуға болады.
Мұндай жағдайда білезік көрсетілген аралықтан кейін дірілдейді.
- **Хабарландырулар.**
Смартфонмен сәтті байланысқаннан кейін әртүрлі қосымшалардан хабарландырулар алынғанда білезіктің экраны іске қосылады, ал білезіктің өзі дірілдейді.
- **Білезіктің көмегімен камераны басқару.**
Қосымшаның «Встряхнуть браслет» (Білезікті сілкіу) мәзірінде білезіктің көмегімен смартфон камерасын басқару функциясын іске қоса аласыз. Мұндай жағдайда білезік тағылған қолды сілкіу арқылы смартфон камерасымен суретке түсіре аласыз.
- **Құрылғыны (білезікті) іздеу.**
Қосымшаның мәзірінде «Найти устройство» (Құрылғыны табу) пунктін таңдаңыз, сонан кейін оны табуыңыз үшін білезік дірілдей бастайды.

Техникалық сипаттамасы

- Үлгісі: SB60.
- Экран: 0,96" OLED, ажыратымдылығы 80 x 160.
- Bluetooth нұсқасы: 4.0.
- Батарея: литий, 90 мА·сағ.
- Қорғаныс класы: IP67.
- Операциялық жүйемен үйлесімділік: Android 4.2 және одан кейінгі нұсқасы, iOS 8.0 және одан кейінгі нұсқасы.
- Дірілмотор.
- Қадамөлшегіш.
- Ұйқыны қадағалау.
- Дене температурасын өлшеу.
- Тамырдың соғуын өлшеу.
- Хабарландыруларды көрсету.

Жиынтық

- Бауы бар SB60 білезігі.
- Зарядтау кәбілі.
- Пайдаланушыға арналған нұсқаулық.

Монтаждау, сақтау, тасымалдау, сату және утилизациялау ережелері мен шарттары

- Құрылғы қандай да бір монтаждауды немесе тұрақты бекітуді талап етпейді.
- Құрылғы өндірушінің және тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауа температурасы 5°C және 40°C аралығында және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын жерде қаптамада сақталуы керек. Үй-жайларда коррозияны туғызатын агрессивті қоспалар (қышқылдардың, сілтілердің булары) болмауы тиіс.
- Құрылғы құрғақ ортада тасымалдануы керек.
- Құрылғы ұқыпты пайдалануды талап етеді, оны шаңның, ластанудың, соққылардың, ылғалдың, оттың және т.б. әсер етуінен қорғаңыз.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Құрылғының ақаулығы анықталған кезде дереу ресми қызмет көрсету орталығына хабарласу немесе құрылғыны утилизациялау керек.
- Бұйымның қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны кәдімгі тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Ұлттық немесе жергілікті заңнамаға сәйкес қайта өңдеу және утилизациялау үшін оны тиісті электр және электрондық жабдықты қабылдау орнына тапсыру керек. Бұл өнімді дұрыс утилизациялауды қамтамасыз ету арқылы, табиғи ресурстарды үнемдеп жұмсауға көмектесесіз және дұрыс пайдаланбаған жағдайда болуы мүмкін қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиянды болдырмайсыз.

Қосымша ақпарат

Өндіруші: Шэньчжэнь Томстар Тэкнолоджи Ко., Лтд.

Кеңселер: 2110, 2111, 2112, 2113, 2115, 2116, 21-қабат, Хуафэн халықаралық коммерциялық ғимараты, 4018-үй, Баоань даңғылы, Сисян қосалқы ауданы, Баоань ауданы, Шэньчжэнь қаласы, Қытай.

Импортер / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:

ТОО «ДНС КАЗАХСТАН», г. Нұр-Сұлтан, р-н Сарыарқа, пр-т Сарыарқа, зд. 12, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:

«DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы, Даңғылы Сарыарқа, ғимарат 12, Қазақстан.

Қытайда жасалған.

Бұйымның сыртқы көрінісі мен оның сипаттамалары сапаны жақсарту мақсатында алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

Интернеттегі мекенжайы: www.dexp.club



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.

v.1

Жазбалар үшін

Жазбалар үшін

Жазбалар үшін

Кепілдік талоны

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қойылған күні: _____

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істеуіне, сондай-ақ материалдары мен құрастырылуында ақаулардың болмауына кепілдік береді. Кепілдік кезеңі бұйымды сатып алу сәтінен бастап есептеледі және тек жаңа өнімдерге қолданылады.

Кепілдікті қызмет көрсетуге бұйымды пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес пайдалану жағдайында кепілдік мерзімі ішінде тұтынушының кінәсінен емес істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті қызмет көрсету орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 12 ай.

Пайдалану мерзімі: 24 ай.

Қызмет көрсету орталықтарының соңғы тізімі мына мекенжай бойынша:

<https://www.dns-shop.ru/service-center/>



www.dexp.club